

2023 – 2024 оқу жылындағы №51 гимназия педагог – психологтарының жұмысына жылдық талдау

Мақсаты: Психологтың атқарған жұмыстарына тоқталып, шолу жасап, атқарған жұмыстарына байланысты есеп беру.

Гимназия психологтары: Хусайнова Гулсезим Сериккалиевна, Шылбатырова Жанбота Балбатырқызы

2023-2024 оқу жылының жылдық жұмысына есеп берер болсақ, көптеген істердің атқарылғандығын көрсетеді. Оқу жылының басында жыл бойына қажетті диагностикалық – коррекциялық материалдар әзірленіп, жинақталды. Әдістемелік бағыт бойынша әр тоқсан сайын жүргізілетін диагностикалық әдістеме картотекасы дайындалды.

Гимназияда психологиялық қызмет негізі келесі бағыттар бойынша жүзеге асты: психодиагностика, кеңес беру, түзету, ағартушылық профилактика, ұйымдастырушылық әлеуметтік-диспечерлік бағыттар.

I. Психодиагностикалық бағыт бойынша :

Гимназия оқушыларын психологиялық диагностикалау бағыты бойынша, оқу жылының басында 1 класс оқушыларының мектепке дайындығы және бейімделуі зерттеледі. Осы оқу жылында 1 класқа 185 оқушы қабылданды. Оқушылардың мектепке дайындығы мен жаңа ортаны эмоциональды қабылдау деңгейін анықтау мақсатында «Керн-Йрасек» тесті жүргізілді.

№	Класс	Оқушы саны	Жоғары	Орташа	Төмен
1	1 «А»	26	15 – 57 %	9 – 35 %	2 – 8 %
2	1 «Ә»	32	22 - 69 %	8 – 25 %	2 – 6 %
3	1 «Б»	29	18 – 63 %	7 – 25 %	4 – 12 %
4	1 «В»	23	11 – 48 %	6 – 26 %	6 – 26 %
5	1 «Г»	30	9 – 30 %	13 – 44 %	8 – 26 %
6	1 «Д»	22	6 - 28 %	12 – 55 %	4 – 17%
7	1 «Е»	23	9 – 35 %	5-22 %	9-43 %
		185	90-49%	60-33%	35-18%

Оқу жылының басында 5 класс оқушыларының оқу мотивациясын анықтау мақсатында Н.Г.Лусканова әдістемесі жүргізілді. 5 кластар бойынша зерттеуге 203 оқушы қатысты. Зерттеу нәтижесінде дезадаптация көрсеткен оқушы анықталмады.

№	Класс	Оқушы саны	Ата-анасы қарсы	Жоғары	Орташа	Төмен	Дезадаптация
1	5 «А»	28		7	20	1	-
2	5 «Ә»	29	1	13	14	1	-
3	5 «Б»	30		17	13	0	-
4	5 «В»	29	1	7	21	1	-
5	5 «Г»	31	1	12	17	1	-
6	5 «Д»	29		10	18	1	-
7	5 «Е»	27		16	10	1	-
		203	3	82	113	6	

Оқушылардың оқу мотивациясы нормаға сай, дамыған. Төмен оқу мотивациясын көрсеткен 6 оқушымен жеке жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар 10 класс оқушыларының бейімделуін анықтау мақсатында пәнге қызығушылығын, бейімделуін анықтауға арналған сауалнама алынды және темперамент, өзін-өзі бағалау, пәнге көзқарасын анықтау тесттері алынды.

6 класс оқушыларының темперамент типін анықтау мақсатында Айзенк темперамент тесті алынды.

11 класс оқушыларының кәсіби биімділіктерін анықтау «Голланд әдістемесі» алынып класс жетекшілерімен, оқушыларға тапсырылды.

Зерттеуге барлығы 102 оқушы қатысты. Зерттеу қорытындысы келесідей:

№	Классы	Оқушы саны	Реалистік тип	Интеллектуалдық тип	Әлеуметтік тип	Конвенциялық тип	Тапқыр тип	Әртістік тип
1	11 «А»	28	2-7%	4 – 14%	5- 18%	4 – 14%	7– 25%	6 – 22%
2	11 «Ә»	15	0	7 – 46%	2 – 14%	1-7%	3 – 19%	2 – 14%
3	11 «Б»	33	1-1%	6– 19%	9 – 27%	3 – 9%	8 – 25%	6 –19 %
4	11 «В»	26	0	5 – 19%	10– 39	0	6 – 23%	5 – 19%
		102	3-3%	22-22%	26-25,5%	8-8%	24-23,5%	19-18%

9 класс оқушыларының кәсіби биімділіктерін анықтау «Профиль» әдістемесі алынды. Сауалнамаға барлығы 170 оқушы қатысты, қорытындысы бойынша оқушыларға мамандық таңдауда кеңестер берілді.

№	Кл	Қатысқан оқушы саны	Физика және математика	Химия және биология	Радиотехника және электроника	Механика және құрастыру	География және геология	Әдебиет және өнер	Тарих пен саясат	Педагогика мен медицина,	Іскерлік және ұй шаруасы,	Спорт және әскери іс
1	9«а»	28	0	4-14%	3-11%	2-7%	2-7%	1-5%	3-11%	3-11%	5-17%	5-17%
2	9«ә»	28	2-7%	1-3%	0	1-3%	0	1-3%	3-11%	2-7%	11-40	7-26%
3	9«б»	29	4-14%	3-10%	1-4%	0	3-10%	5-17%	4-14%	3-10%	2-7%	4-14%
4	9«в»	29	3-10%	3-10%	1-3%	1-3%	3-10%	4-15%	1-3%	2-7%	5-18%	6-21%
5	9«г»	30	2-6%	2-6%	1-4%	4-13%	1-4%	3-10%	5-17%	1-4%	3-10%	8-26%
6	9«д»	26	4-15%	5-20%	2-7%	1-5%	2-7%	2-7%	2-7%	1-5%	3-12%	4-15%
		170	14-8%	18-10%	8-4%	9-5%	11-7%	16-10%	18-10%	13-8%	29-17%	34-20%

4 класс оқушыларының өтпелі кезеңдегі агрессиялық күйін, бойындағы қобалжу, қорқыныш, қиындықты жеңудегі қабілеттілігін анықтау мақсатында «Кактус» жобалау тесті алынды. Оқушылардың арасында агрессивті күйдегі оқушылар анықталып, оқушылармен жекелей әңгімелесу, түзету жұмыстары жүргізілді.

4 класс оқушыларының біліктілікті зерттеу әдістемесі “Э.Ф.Замбацавичене” әдістемесі жүргізілді. 4 класс оқушыларының орта буынға көшуге дайындығын анықтау мақсатында танымдық процестері зерттелді. Соның ішінде көру және есту арқылы есте сақтау, зейін және логикалық ойлауы зерттелді.

Р/с	Класс, оқушы саны	Көру арқылы есте сақтау			Есту арқылы есте сақтау			Зейін			Ойлау		
		жоғары	орташа	төмен	жоғары	орташа	төмен	жоғары	орташа	төмен	жоғары	орташа	төмен

1	4 "А" -27	4	21	2	3	22	2	23	4	0	7	14	6
2	4 "Ә" -25	10	15	0	9	16	0	15	9	1	16	7	2
3	4 "Б" -26	7	17	2	4	20	2	21	5	0	14	10	2
4	4 "В" -26	13	13	0	16	10	0	20	5	0	14	10	3
5	4 "Г" -27	5	15	7	14	16	1	18	7	3	12	14	1
6	4 "Д" -26	5	18	3	6	13	3	13	10	3	7	10	8
7	4 "Е" -26	4	18	4	4	20	2	13	10	3	6	15	5
	183	48- 26%	117- 64%	18- 10%	56- 30%	117 - 64 %	10- 6%	123 - 68 %	50- 28 %	10- 4%	76- 42 %	80- 44 %	27- 14%

8 – 11 класс оқушыларының бойындағы мазасыздық, агрессия, депрессия белгілерін анықтау мақсатында DASS және Спилберг әдістемелері жүргізілді. Зерттеуге 8 – 11 класс оқушылары түгел қатысты. Зерттеу қорытындысында оқушылардың бойынан мазасыздық белгілері анықталған жоқ.

2-3-4 класс оқушыларыменде «Өзін-өзі бағалау», «социометрия» және таным процестері: зейін, есте сақтау түрлері, ойлау қабілетін анықтауға зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қорытындысы класс жетекшілеріне тапсырылды. 11 класс оқушыларын ҰБТ-ге дайындығын нығайту, мақсатында түзету жұмыстары, кеңес беру жұмыстары ай сайын жүргізіліп, оқушылардың мамандыққа бейімділігі мен қызығушылығын анықтау мақсатында «Голланд» сауалнамасы алынып, оқушыларға, ата – аналарға таныстырылды. 11 класс ата – аналарынан балаларының ҰБТ-ге дайындығының қаншалықты деңгейде бақылайтындығын анықтау мақсатында сауалнама алынды. Қорытындысы бойынша ата-аналар жеткілікті деңгейде балаларына көңіл бөліп, қадағалау жұмыстарын жүргізетіндігі байқалды.

II. Түзете-дамытушылық жұмыстар: Психологиялық акция «Із кесуші» (1,5,10 сынып бейімделулеріне);, Психологиялық акция «Бақыт» (1-4 сынып оқушыларына);, «Біз бір-бірімізді түсінемізбе?» тренингі, «Сыр сандық» тренингі, «Мен саған сенемін» жаттығуы (6-7 сынып);, «Өз көңіл-күйіңе ықпал ет, оны жақсарт» слайд түрінде түсіндірме жұмыстары (5-8 сынып);, «Мұнара» тренингі (8-11 сынып);, «Қиын жағдайлардан не үйренеміз» (5-6 сынып);, «Ұжым арасындағы достық» (5-11 сынып);, 4 класс оқушыларының эмоционалды жағдайын бақылауға арналған жаттығулар жүргізілді Т.В.Артемова бойынша. (4-сынып);, «Психикалық денсаулық дегеніміз не?» (8-11 сынып);, «Менің көңіл-күйім» жаттығуы (8 сынып);, «Күлкі стрессті жояды» тренингі (11 сынып);, «Суицидтік әрекеттің алдын алу», «Депрессия және суицид жайлы ойлар» тақырыбында кеңес, тренингтер (8-11 сынып);, «Емтихан» психологиялық ойын, «Мамандық таңдау-болашақты таңдау» (9,11 сынып), «Мен өмірге ризамын», «Бір-бірімізге жақсы көңіл-күй сыйлай білейік», «Өзімізді – өзіміз үшін сақтайық», «Менің жағымды, жағымсыз жақтарым», «ҰБТ бізге қандай мүмкіндіктер береді» психологиялық тренингтері (5-11 сынып); оқушыларымен тренингтер жүргізілді.

III. Профилактикалық жұмыстар: Мектеп психологтарының ұйымдастыруымен білім алушылар арасында «Өмір баға жетпес сый» тренинг, 5-11 сынып ата-аналар арасында ««Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың баланың психо-эмоционалды дамуына әсері», «Баламен тиімді қарым-қатынас жасау тәсілдері» атты тренингтер ұйымдастырылды. 1,5,10 сыныптардың бейімделуіне байланысты жұмыстар жүргізіліп, қорытындысы пед консилиумда мұғалімдерге таныстырылып, талқыланды. Оқушылардан сабақтастыққа байланысты мектепке бейімделуіне сауалнама алынды. Нәтижесінде оқушылардың оқуға деген ынтасына байланысты пән мұғалімдері сабақты қызықты әрі белсенді ұйымдастырса, мүмкіндігінше интерактивті тақтаны көбірек қолданылсын деген ұсыныспен анықтамасы шығарылды.

Буллинг, кибербуллингтің алдын алу дәріс тренингтер 5-11 сынып білім алушыларына жүргізілді. Сонымен қатар құқықбұзушылық пен буллингтің алдын алу бойынша 8-11 сынып білім алушыларымен мамандармен кездесу - «№ 3 қалалық емханасының» психолог мамандары Жәніс Айдана Бақбергенқызы, Кубесова Гүлбану Мусаевна, Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық алдын-алу – Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданы № 2 ҚІБ жергілікті полиция қызметінің Искалиева Нұржан Кенжетайұлы өткізді. «№ 3 қалалық емханасы» гинеколог маманы

Шажалы Мадина қатысуымен «Ерте жастағы жүктіліктің алдын-алу», «Еркем, өмірін болсын көркем» тақырыбында 9-11 сынып қыздар арасында кездесу; өткізілді. Өскелең ұрпақтың психологиялық иммунитетін құру, балалар мен жасөспірімдерде рухани-адамгершілік сана-сезімін және қоршаған әлемге берекелі көзқарастарын, сондай-ақ, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту мен өмірді бағалай білу құштарлығын арттыру.

1-4 сынып аралығында «Әлем-менің көзіммен» тақырыбында арт-терапия, пед.ұжыммен «Жаңа оқу жылы, жаңа мүмкіндік», «Бұғы» психологиялық тренингтері, 7-11 сынып білім алушыларымен «Тұз» терапиясы, «Қорқынышыңды жеңе біл», «Менің сынымның ережесі» «Интернет тәуелділіктің алдын алу» психологиялық тренингтер, 5-11 сынып білім алушылар арасында «Кім жылдам» логикалық ойындар, «Менің адамгершілік құндылығым» атты тренинг, 6-8 сынып білім алушыларымен «Менің қызығушылығым», «Өмір – қымбатсың маған» тренингтері өткізілді. «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидті алдын алу» бағдарламасы шеңберінде педагогикалық ұжымның хабардарлығын арттыру және жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының белгілерін тану мақсатында Буллинг дегеніміз не?», «Қауіпсіз интернет», «Стресстен шығу», «Біз неге ашуланамыз?» атты бейнероликтері ұсынылды, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бұл білім алушылардың топтық қарым-қатынасын нығайтуға, өзгелерді бағалай білуге, көңіл-күйді көтеру, сезім мен эмоцияны нығайтуға көмегін тигізеді. Жас мамандарға педагогикалық іс-әрекетке дайындығын және жеке тұлғалық бейімділігін бағалау мақсатында «Сен - жассың, сен - жалынсың» атты психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

IV. Кеңес беру бағыты бойынша:

Бейімделу тақырыбы бойынша 1,5,10 класс оқушыларына арнайы топтық, жекелей кеңес беру жұмыстары жыл бойы жүргізілді. ҰБТ-ге баратын 11 класс оқушыларына психологиялық дайындықты нығайту, емтиханға қалай дайындалу, бойындағы үрей, мазасыздықты қалай жеңе білу керек, емтихан уақытында өзін қалай ұстау керек және жеке мәселелері бойынша келген оқушыларға кеңестер берілді. Класс жетекшілерінің ұсынылған оқушыларының ата-аналарына, бала бойындағы ерекшеліктер, гипербелсенділік, агрессия, өзін төмен бағалау, дос таба алмау, класқа бейімделе алмау т.б. тақырыптары бойынша жекелей кеңестер және арнайы психологиялық қолдауды қажет етіп келген мұғалімдерге кеңестер берілді.

V. Әлеуметтік-диспечерлік бағыты бойынша:

Әлеуметтік тұрмысы төмен отбасылардың және қамқоршылық, қорғаншылықтағы оқушылардың жағдайы, үй – жайымен танысу мақсатында гимназия әлеуметтік педагогі Ботабасова Шамшырақ Дәуренқызы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ергалиева Қаракөз Ахетовнамен бірігіп 7 оқушының үйін аралап, акт жасалды.

Балалармен құқықбұзушылық пен қараусыздықтың алдын алу мақсатында гимназия инспекторы Искалиев Нұржан Кенжетайұлымен біріге отырып, класс жетекшілерге, оқушыларға жиналыстар ұйымдастырылды.

Қорытындылай келе, 2023 – 2024 оқу жылындағы психологиялық қызметтің бағыттары бойынша осы оқу жылына жоспарланған барлық жұмыстар атқарылды. Өндірістік кеңесте, директор жанындағы кеңестерде қарастырылған мәселелер бойынша, психологиялық нәтижелер таныстырылып, ұсыныстар берілді. Жалпы алғанда, психологиялық қызметтің негізгі бағыттары бойынша жұмыстар нәтижелі болды.

№51 гимназия директоры

№51 гимназия психологтары



Ж.Ж. Дарибаева

Т.С. Хуснинова

Ж.Б. Шырбатырова